

Кaspersky ASAP: киберқауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыруға арналған автоматтандырылған платформа

«Касперский Зертханасының»* деректері бойынша, бүкіл әлем бойынша компаниялардың 52%-ы өздерінің қызметкерлерін корпоративтік қауіпсіздік жүйесіне барынша қауіп төндіреді деп санайды, өйткені олардың іс-әрекеттері корпоративтік деректерді әшкерелеуі мүмкін. Алайда, мұндай оқиғалардың алдын алуға арналған дәстүрлі оқыту бағдарламалары айтарлықтай тиімді емес. Әдетте олар қатысушыларды ынталандырмайды және олардың қажетті іс-қимылын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Кез келген ауқымдағы компания үшін хабардарлықты қарапайым әрі тиімді арттыру

«Касперский зертханасы» киберқауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыруға арналған өзінің автоматтандырылған платформасын ұсынады – Kaspersky Automated Security Awareness Platform (ASAP).

Платформа қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс дағдыларын қалыптастыратын және бекітетін онлайн-құрал болып табылады. Курс бір жылға есептелген. Ыңғайлы функционал және үдерісті автоматтандыру компанияларға барлық кезеңдерде: мақсатты белгілеуден бастап тиімділікті бағалауға дейін көмектеседі.


1-қадам.



Мақсаттарды белгілеу және хабардарлықты арттырудың қажеттілігін негіздеу

- Орташа жаһандық, өңірлік немесе салалық көрсеткіштерге сүйене отырып, мақсат қойыңыз.
- Қызметкерлердің жекелеген топтарының қажетті кибер хабардарлығы деңгейі мен оған жету үшін қажетті уақыт арасындағы тепе-теңдікке ұмтылыңыз.

2-қадам.



Әрбір қызметкердің қажеттіліктеріне сәйкес дағдыларын қалыптастыру

- Автоматтандырылған басқаруды пайдаланыңыз: платформа белгілі бір қызметкерге қажетті дағдылар жиынтығын оның тәуекел профиліне сәйкес анықтайды және бағдарламаны өту кестесін жасайды.
- Алынған дағдылар мұқият пысықтау және материалды бекіту арқылы пайдаланылатынына сенімді болыңыз.
- Қызметкерлердің хабардарлығын тәуекел деңгейі мен бағдарламаның қарқындылығын ескере отырып, оларға жайлы қарқынмен арттырыңыз, бұл шаршауға, демек, сабақты жалғастырғысы келмеуге жол бермейді.

* «Касперский зертханасы» 2018 жылдың көктемінде жүргізген «Бизнестің ақпараттық қауіпсіздігі» зерттеуінің деректері. Сауалнамаға бүкіл әлем бойынша 29 елден, Ресейді қоса алғанда, 6614 IT-маман қатысты.


3-қадам.



Есеп және талдау ілгерілеуді қадағалау құралы ретінде

- Өзгерістерді, үрдістер мен болжамдарды жедел қадағалаңыз.
- Нақты уақыт режимінде болжамдарды пайдаланыңыз: олардың көмегімен сіз бағалап, мақсаттарға қол жеткізу үшін уақтылы шаралар қолдана аласыз.
- Озық қимылдаңыз. Жүйе белгіленген мақсатқа жету үшін қандай бөлімшелерге немесе жекелеген қызметкерлерге назар аудару қажет екенін өзі көрсетеді.
- Аралық нәтижелерді үлгілік көрсеткіштермен салыстырыңыз.

4-қадам.



Ынталандыру – тиімділік көпірі

- Қызметкерлерді қызықтыруға мүмкіндік беретін ойын форматы және жарыс тәсілі.
- Қызметкерлердің күнделікті жұмысына қолданылатын нақты тапсырмалар
- Дербестендірілген тәсіл – қызметкерлер өздеріне ыңғайлы қарқынмен қажетті білім алады.

Дағдыны пысықтау «қарапайымнан күрделіге» қағидасына негізделген. Теориялық бөлім өткеннен кейін 4 күннен кейін платформа автоматты түрде өткен материалды еске түсіретін хаттарды таратады, ал 3 күннен кейін алған білімдерін тест – тексеруден өтуді ұсынады. Егер тест сәтті өтсе, біраз уақыттан кейін пайдаланушы симуляцияланған фишингтік шабуылды хат алады. Мұндай тәсіл дағдыларды мығым бекітуді қамтамасыз етеді және ұмытуға кедергі жасайды.

- Бағдарлама әдейі қысқа сабақтарға бөлінген (2-ден 10 минутқа дейін), өйткені ұзақ және іш пыстырарлық сабақтар сіздің қызметкерлеріңізді шаршатып жіберуі мүмкін.
- Өрбір деңгей мыналарды қамтиды: интерактивті модуль және тексеруді бекітуге арналған видеожаттығулар (тест немесе фишингтік шабуылдың имитациясы).

Автоматтандырудың арқасында қарапайым басқару

Небәрі 10 минутта бастаңыз

- Ағымдағы білімді бағалауды жүргізіңіз.
- Орташа әлемдік және салалық көрсеткіштерді ескере отырып мақсаттарды анықтаңыз.
- Сабақтарды бастаңыз.
- Тек белсенді пайдаланушылар үшін төлеңіз (бағдарлама өтетін адамдар).

Платформа процесті қызметкерлердің қарқыны мен қабілетіне сәйкес құрады


- Платформа пайдаланушы негіздерді меңгеріп, тест сәтті тапсырғанға дейін күрделі тақырыптарды ұсынбайды.
- Оқу үшін жауапты менеджерге әрбір қызметкердің нәтижелерін талдауға және бағдарламаны қосымша құруға уақыт жұмсаудың қажеті жоқ

Өртүрлі тәуекел профильдері үшін түрлі бағдарламаларды пайдаланыңыз

- Құпия ақпаратқа қол жеткізу деңгейіне және жұмыс ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі мақсатты деңгейі мен қарқындылығы бар топтарға қызметкерлерді автоматты түрде іріктеу үшін ережелерді пайдаланыңыз.
- Сіз дайын топтарды пайдалана немесе құра аласыз, сондай-ақ өз бетіңізбен реттей аласыз.

Сіздер кез келген уақытта егжей-тегжейлі есеп ала аласыздар

- Басқару панелінде прогресті бағалау үшін барлық қажетті ақпарат берілген.
- Платформа нәтижені жақсарту үшін не істеу керек екенін ұсынады.
- BСіз өз қызметкерлеріңіздің нәтижелерін әлемдік және салалық көрсеткіштермен салыстыра аласыз.



«Касперский зертханасы»

www.kaspersky.ru

#нағызқауіпсіздік
#HuMachine

© «Касперский зертханасы» АҚ, 2019. Барлық құқықтар қорғалған. Тіркелген сауда белгілері мен қызмет көрсету белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады.